



Мектеп директоры М.Амирова

«№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қамқоршылық кеңесінің бекітілген құрамы 2024-2025 оқу жылы.

№	Аты-жөні	Қамқоршылық кеңес мүшесінің жұмыс орны
1	Б.Мархабай	Біртілек а/о «Жастар» ісі бойынша бас маман
2	Ж.Смаилов	Ауыл биі
3	Э.Есенкулова	Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ. Полиция майоры
4	Н.Артыков	Келес аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы
5	Ж.Оразбаева	Мектеп мұғалімі (математика пән мұғалімі)
6	К.Селтаев	Жеке кәсіпкер
7	З.Смаилов	Жеке кәсіпкер
8	Н.Тағабаев	Жеке кәсіпкер
9	Ж.Усманов	Жеке кәсіпкер
10	Ф.Тажиева	Хатшы



Мектеп директоры: М.Амирова

Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары 2024-2025 оқу жылы

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепте «Қамқорлық» кеңесін құру, мүшелерін сайлау, жоспарын бекіту Жалпыға міндетті білім беру қорынан бөлінген қаржыны болу	Тамыз	ЖМБҚ жауапты орынбасар, Бас есепші, Әлеуметтік педагог
2	Мөлтек аудан бойынша әлеуметтік қамқорлыққа алынатын оқушылардың тізімін сынып жетекшілермен бірлесе анықтау және әлеуметтік диагностика жасау: тұл жетім, жартылай жетім, көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасы балалары.	Қыркүйек	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог
3	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды, аз қамтамасыз етілген отбасы және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер Кітапхана қызметкері
4	Мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілермен бірлесе ҚР « Бала құқығы туралы халықаралық конвенцияны және ҚР « Неке және отбасы Заңын» талқылау	Қазан	Әлеуметтік педагог Кеңес құрамы
5	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың үйлеріне тұрғын жай актісін жүргіз, атында мүлкі бар немесе жоқтығын, оның сақталуын анықтау. Аз қамтамасыз етілген отбасы, көпбалалы отбасы және жартылай жетім оқушылардың үйлеріне тұрғын жай актісін жүргізу.	Жылына 2 рет Жылына 1 рет	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
6	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды бақылау және әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу, Аз қамтамасыз етілген оқушылармен әлеуметтік психологиялық диагностикалық жұмыстарын атқару	Қараша	Әлеуметтік педагог Педагог психолог
7	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды Жаңа жылдық шыршаға алып бару және мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру.	Желтоқсан	Сынып жетекшілер
8	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды, аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан балаларды тегін ыстық тамақпен және әлеуметтік көмек көрсету, «Қамқорлық» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.	Қаңтар	Сынып жетекшілер Тәрбие ісі жөн орынбасар Әлеуметтік педагог
9	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың әлеуметтік ортасына зерттеу жұмыстарын жүргізу,	Ақпан	Тәрбие ісі жөн орынбасар Педагог психолог

	Қиын және құқық бұзуда бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар атқару		Әлеуметтік педагог
10	«Мен және Заң» тақырыбы бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен доңгелек үстел өткізу	Наурыз	Әлеуметтік педагог
11	Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының бос уақытын қалай өткізетіндігі жөнінде «Менің қызығушылығым» тақырыбында сауалнама жүргізу	Сәуір	Әлеуметтік педагог Педагог психолог
12	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың қамқоршылармен әңгіме өткізу есебін алып тұру	Жылына 2 рет	Әлеуметтік педагог
13	1-Маусым- Балаларды қорғау күніне байланысты қабырға газетін шығару, мәдени іс-шара ұйымдастыру және оқушыларды қатыстыру Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды жазғы сауықтыру лагерлерімен қамтамасыз ету.	Маусым Шілде	Тәрбие ісі жөн орынбасар Әлеуметтік педагог

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



М.Абдиев

**«№8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
жаңынан құрылған «Қамқоршылық кеңесі» құрамы отырысының
хаттамасы
№1**

29.08.2024ж

Абай ауылы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Мархабай.

Мүшелері: Ж.Смаилов, Қ.Селтаев, З.Смайлов, Н.Тағабаев, Ф.Тажиева.
ДТІЖО Н.Сапарбеков, М.Абдиев, әлеуметтік педогог Ж.Абдрахманова,

Күн тәртібінде:

2024-2025 оқу жылында мектепшілік қамқоршылыққа алынатын оқушыларды анықтау.

Тыңдалды:

Бірінші кеңес төрағасы Б.Мархабай сөз алып, біздің «Қамқоршылық кеңесі» отырысында оқушылардың жағдайына қарай отырып, тегін ыстық тамақпен киіммен (мектеп формасымен), мектепке қажет заттармен, және әртүрлі тегін жолдамалар кімге берілетіндігін шешу керек деп айтып өтті. Әлеуметтік педагог Ж.Абдрахманова сөз алып ата-аналар тарапынан бірнеше өтініш түскенін айтты.

Оның ішінде ; Әлеуметтік жағдайы төмен - 102 (жүз екі оқушы)

Сәтсіз отбасы – 28 (жиырма сегіз)

Жартылай жетім оқушылар – 30(отыз) -

Ыстық тамақпен қамтылуға -540 (бес жүз қырық)

Тұл жетім-1 (бір оқушы)

Әкесі сотталған-7 (жеті оқушы)

Келесі сөзге шыққан ауыл биі, қамқоршылық кеңес мүшесі Ж.Смаилов осы аталған оқушыларды бірінші кезекте ыстық тамақпен, киім-кешек, мектепке қажет заттар мен жазғы сауықтыру лагеріне тегін жолдама берілуі керектігі жайлы айтты. Жиналысқа қатысушыларда осы айтылған мәселелерді толықтай қолдады.

Қамқоршылық кеңесі шешім қабылдады.

1. 2024-2025 оқу жылында мектепшілік қамқоршылыққа осы оқушылар алынып, қаралатын барлық жеңілдіктер мен көмектер қарастырылсын.
2. Осы аталған жұмыстардың орындалуын қадағалау Ж.Абдрахмановаға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңесі төрағасы :



Б.Мархабай

Хатшы :



Ф.Тажиева

**«№8 Т.Бегминова атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ Келес
ауданы Абай ауылы**

Қамқоршылық кеңес отырысы

(мектеп директорының жарты жылдық есеп беруі)

2024 жыл 27 желтоқсан

Хаттама №

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы.

Тыңдалды:

Отырысты қамқоршылық кеңес төрағасы жүргізді. Отырысқа қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды.

1. Оқу-тәрбие үдерісі - II тоқсан қорытындысы;
2. Тәрбие бағытындағы іс-шаралар;
3. Қамқоршылық кеңестің алдында мектеп директорының өткен жылғы есебін беру;
4. Өр түрлі мәселелер, оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі

Мектеп директоры М.Амирова 2024 -2025 оқу жылының I жартыжылдығында оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарға сараптама жасап, есеп берді (баяндама қоса тіркелді).

Ең алғашқы сөзді мектеп директоры Амирова Меруерт Нурмахановна алды. Ол өз сөзінде: Құрметті кеңес мүшелері, 2024–2025 жылының I жартыжылдығында оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті. Осы оқу жылы біз үшін табысты, үздік жыл болды деп есептеймін. Ары қарайда келешек ұрпақтың болашағына жауапты сіз бен біз осы істі атқарарда тек аянбай қызмет етіп, бала тәрбиесі мен білімін жетілдіруде күшіміз бірлікте болсын. Балаларыңыздың тәрбиесінде тыс қалмай, мектеппен ылғи да байланыста болсаңыздар демекпін. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып шықты.

**2024 -2025 оқу жылының I жартыжылдығында оқу-тәрбие саласы
бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы.**

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа сапалы тәрбие сапалы білім беру – мұғалім күзіретіндегі игі іс екендігі ұстаздарға белгілі. Оқушылардың сапалы білім алуына оңтайлы жағдай жасау және рухани бай, физикалық және адамгершілік тұрғыдан жетілген, өзін – өзі дамытуға, тәрбиелеуге бәсекеге

қабілетті тұлға етіп қалыптастыру қазіргі кезеңде ұстаздардың алдындағы үлкен міндет. Оны жүзеге асыруда ұстаздарымыз жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

Негізгі міндеттері:

1. Оқу мен оқытуда жаңа әдіс –тәсілдер арқылы оқушылар мен мұғалімдердің күзінеттілігін дамыту.
2. Өзін – өзі басқару орталығының жұмысын жандандыру.
3. Білім алушылардың жүйелі түрде кітап оқуына басшылық жасау.
4. 2024/2025оқу жылына арналған мектептің оқу жұмыс бағдарламасымен;
5. 2024/2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен.
- 6.Білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық деңгейін дамыту.
- 7.Оқушылармен жұмысты дұрыс жолға қою арқылы нәтижеге жету.
- 8.Мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті мен компьютерлік сауаттылығын жоғарылату.

Сандық-сапалық құрам бойынша

2024-2025оқу жылында мектеп педагогтерінің саны 134 адамды құрайды. Мұғалімдердің біліктілігі бойынша: Педагог-модератор-33 (24,6%), Педагог-сарапшы-44 (32,8%), Педагог-зерттеуші-26 (19,4%), шебер -1 (0,8%), Санатсыз-30(22,4%).

Мұғалімдер өз пәні бойынша білім жетілдіру курсынан толықтай өтті.

Бнылғы оқу жылындағы білім беру процесінің тұлғалық өсуі және шығармашылық жұмысы нәтижесінде төмендегідей білім сапасын көрсетті.

Білім сапасы - 37,68%

Педагогикалық тәжірибені жалпылау,тарату және тереңдету үшін мұғалімдер өз еңбектерімен, тәжірибесімен бөлісіп түрлі жарыстарға,қашықтық олимпиадаларға қатысып,нәтижесінде жүлделі орындарға ие болды.

Мұғалімдер арасындағы конкурстар

Атап айтқанда мұғалімдер арасында ауданымызда өткізілген «Педагогикалық идеялар» байқауынан Аленова Гүлімхан апай қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жеңімпаз болып табылса, орыс тілінен Жоракулова Альфия, ағылшын тілінен Жумабекова Нурсауле II орындарға ие болды. Облыстық кезеңге қазақ тілі мен әдебиетінен Аленова Гүлімхан апаймыз қатысып жүлделі III орыннан көрінді. Бастауыш сыныптар бойынша облыстық кезеңде Токболатова Жанат II орын, бастауыш сыныптардың өзбек тілінен Талапова Новбахар, Кадырова Азиза апайларымыз III орындарды иеленді.

Олимпиада мен конкурстар

Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында түрлі байқауларға қатысып,нәтижесінде жүлделі орындарға ие болды.

9-11 сыныптар арасында Республикалық пән олимпиадасының аудандық кіші іріктеуіне 12 пәннен 36 оқушы қатысып, аудандық кезеңге 9 оқушы іріктеліп

өтті. Нәтижесінде 4 оқушының, біреуі аудандық кезеңде география пәнінен III орын иеленсе, облыстық кезеңге өзбек тілі бойынша 3 оқушы жолдама алды.

. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы бағытта мектебімізде **«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН»** - жүзеге асырысу мақсатында **кешенді жоспар жасап бекітілді.**

Жалпы сынып комплектісі- 52 сынып. Жыл басында сынып жетекшілер тағайындалып, оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жинақталып, тәрбие жоспарының басты бағыттары белгіленді. **Мақсаты:** Ұлттық құндылықтарды қастерлей білетін, дені сау,білімді ұрпақ тәрбиелеу

Міндеттері:

Қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат болып қалыптасуына ықпал ету.

Тұлғаның рухани- адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету.

Ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, дәстүрлер мен ана тілін құрметтеуіне ықпал ету.

Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналармен ағарту жұмысын, бала тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттыруға ықпал ету. 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбие саласы бойынша

2-8 қыркүйек аралығында «Отбасы күні» мерекесін атап өтуге арналған іс-шаралар:

«№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ДТІЖО М.Абдиев, педогог-ұйымдастырушы А.Айдаралі және тәлімгер Ш.Қилыбаева және сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен, Келес ауданының білім бөлімінің 09.09.2024 жылғы №882 хатына сәйкес 2024 жылғы 2-8 қыркүйек аралығында «Отбасы күніне» орай іс-шаралар жоспары түзіліп, бекітілді. «Отбасы бақыт мекені»,»Мерейлі отбасы» тақырыптарында ашық сабақтар өткізілді. Мектеп автобустары «Отбасы күні» тақырыбында суреттер мен жазулармен безендірілді. Мектеп менірбикелері «Ашық есік" күнін өткізді. Тұрмысы төмен отбасы балаларына қайырымдылық акция өткізілді.«Отбасым-мақтанышым» акциясына 10 А сынып оқушысы Жұмағали Сандуғаш сынып жетекшісі М.Самбекова өз отбасы жайлы бейнеролик түсіріп, әлеуметтік желіге жариялау ұйымдастырылды. Дене шынықтыру пән мұғалімдерімен бірігіп, «Отбасы күні» мерекесінің жоспарына сай «SUPER жанұя» эстафетасы ұйымдастырылды.

12.09;19.09;26.09 күндері тарих пән бірлестігімен бірге «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау» жұмыстары ұйымдастырылып, мұғалімдер арасында талқыланып, әлеуметтік желіге жарияланды.

Жоспарға сай мектеп инспекторы Т.Садырбаевтың қатысуымен үл балаларға «Үлдар кеңесі» жиналысы өткізілді.

Мектеп мейірбикелерінің ұйымдастырумен «Таңғы астың маңыздылығы», «Жан мен тәңнің саулығы үшін дұрыс тамақтан», «Қантты сусындардың зияны» тақырыбында оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

21.09 World cleanup day. Дүниежүзілік тазалық күніне орай сенбілік ұйымдастырылды.«Қыз бала- отбасының шырайы» тақырыбында қыздар кеңесі жиналысы өткізілді.

4.10; 11.10; 17.10 аптаның әр жұмасында «Ақындар айтысы 2024» іс-шара жоспары аясында жұмыстар орындалып келеді.

«Ұстаздар күні» мерекесіне орай дублер күні ұйымдастырылып, «Даналық ұстаздан» челленджі өткізілді.Музыка пәні мұғалімі Д. Қуатбекованың ұйымдастыруымен «Айтыс- ұлттық өнер" және "Ғасырлар пернесі" күй тарту челленджі өткізілді.

Өзін-өзі басқару ұйымының мектеп президентін сайлауы болып өтті. Сайлау алдында үміткерлер оқушыларға өз жобаларымен таныстырылды.

Жиналыстан кейін оқушылар дауыс беруді бастады.

Жалпы 338 оқушы дауыс берді оның 27

бюллетень жарамсыз деп танылды.

Сайлау қортындысы:

11 "А" оқушысы Балтабай Нұрдидар - 98 дауыс

10 "А" оқушысы Асабай Байболат - 66 дауыс

10 "В" оқушысы Нормаматова Рухшона - 71 дауыс

9 "А" оқушысы Сейсенбай Аяулым - 76 дауыс

25 қазан-Республика күніне арналған «Республикам мақтанышым» атты челлендж 25 қазан - Республика күніне орай Мемлекеттік Гимнді орындау, «Бірыңғай «Жас Ұлан» және « Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің қатарына оқушыларыды

Сыныптарда Р. Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай, «Рейхстагқа ту тіккен» атты іс-шаралар мен тәрбие сағаттары, челленджер өткізілді. Аптаның әр сенбісінде

«Таза Қазақстан» экологиялық акция аясында көгалдандыру, санитарлық-тазалық акциялары өткізіліп келеді.

Қауіпсіздік сабақтары тәрбие сағатына кіріктіріліп, әр апта өткізіліп жатыр.

2 тоқсан

А ПБ мен АББ мен бірге 1 қараша күні "Түнгі ауылдағы балалар" профилактикалық рейдтік іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты, кәмелеттік

жасқа толмаған балалардың арасында зорлық-зомбылықты болдырмау, құқықбұзушылықтың, жасөспірімдердің қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық акция жоспарына сәйкес, мектептегі жол қауіпсіздігін және өмір қауіпсіздігін сақтау және жол қозғалыс ережелерін түсіндіру мақсатында «Абайлаңыз-балақай», « Назар аударыңыз, балалар» жедел-алдын алу іс-шарасы өткізілді, оқушыларды бағдарламашы, жол белгілерімен таныстырып, олардың мақсаттарымен міндеттері түсіндірілді.

Кезекші мобильдік топ мүшелері «Түнгі ауылдағы балалар» профилактикалық рейдтік іс-шара ұйымдастырып, түнгі уақытта балалар шоғырлануы мүмкін жерлерді аралады. Мақсаты, кәмелеттік жасқа толмаған балалардың арасында зорлық-зомбылықты болдырмау, құқықбұзушылықтың, жасөспірімдердің қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу.

Мектеп формасы талаптарының бұзылуын қадағалау және профилактикалық жұмыстарын ұйымдастыру алгоритмі бойынша мектеп инспекторы Э. Есимкулованың қатысуымен мектеп формасы, себепсіз қалу, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша мектептің жоғарғы сынып оқушылары арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, Ұлттық валюта теңге күні тақырыбына сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді, 11а сынып оқушылары бейнеролик жасап, әлеуметтік желіге жарияланды.

« Біртұтас тәрбие бағдарламасы, қараша айының жұмыс жоспарына сай мектеп тәлімгері Ш. Қилыбаеваның ұйымдастыруымен жоғары сынып оқушыларының арасында « Startup» байқауы болып өтті.

Стартап деген не? Стартап бұл бизнесті дамытудың жаңа әдісі, жолы, тәсілі. Бұл бизнесті дамыту. Технологияларды дамыту.

16 қараша күні, мемлекет басшысының « Таза Қазақстан» экологиялық акциясының аясында ерікті түрде оқу кабинеттерін тазалап, мектеп ауласындағы арықтарды шөп қалдықтарынан тазалады және мектеп ауласында санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізді.

Іс-шараның мақсаты-қоғамдық мәдениетті қалыптастыру, акцияға қолдау болып табылады.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру Тақырып: “Буллингтен қорған”

Мақсаты: Оқушылар арасында қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу.

Бірін-бірін сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

Қауіпсіздік сабағы: “Төтенше нөмірлер”

Табыстың күмәнді түрлері. Қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады.

Интернет арқылы сауда, саттық кезінде немесе басқа да жаттар кезінде аяқтыларға алданып қалмау.

Түркістан облысы дін істер басқармасының маманы теолог-дінтанушы Дүйсен Асхат Өмірзақұлы, Халық қажы мешітінің имамы Н. Момбеков, Жақын ата мешіті имамы Қ. Селтаев, ауыл билері Ж. Смаиловпен Я. Абдукодиров, Келес ауданы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мамандары Ә. Ақылбековпен Р. Рысбектердің қатысуымен 10:00 мектеп мұғалімдеріне, 11:00 жоғарғы сынып ата-аналарына «Деструктивті діни ағымдардан, діни экстремизм және терроризмнің алдын алу. Халықтың діни және құқықтық сауаттылықтарын арттыру» тақырыбында жиналыс болып өтті.

Мақсаты: оқушылармен ата-аналардың діни сауаттылығын көтеру, діни экстремизммен терроризмнің алдын алу, деструктивті діни ағымдардан сақтану

«Қыс-2024» Республикалық командалық-штабтық жаттығу өткізу жоспарына сай мектеп аумағында орталықтандырылған құлақтандыру жүйесі іске қосылды.

Осыған орай мектеп оқушылары мен мұғалімдері оқу-жаттығу жоспарына сай қауіпсіз аймаққа жиналып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

21.11.2024 жылы Оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында жылу жүйелері, өрт қауіпсіздік құралдары және басқада инженерлік жабдықтарды пайдалану ережелері, өрт қауіпсіздігі және өрттің алдын алу профилактикалық шаралары жүргізілді. Уақтылы қабылданған профилактикалық шаралар оқушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмеуге, сондай-ақ ықтимал апаттық жағдайлардың алдын алу мүмкіндігін береді.

Осыған орай мектеп АӘЖТД пәні мұғалімі К. Смаиловтың ұйымдастыруымен, түсіндіру профилактикалық жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

"Қылмыссыз балалық шақ" атты айлық акция іс шара жоспары бойынша 15 қараша

"Түнгі ауылдағы балалар" атты рейдтік жұмыстар жүргізілді

«Үшқыр ой алаңы» тақырыбында зияткерлік ойын өтті.

Мақсаты: оқушылардың үшқыр ойларын тереңдету мақсатында, өз құқықтарын жете білуге өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету, құқықтық білімдерін толықтыру.

22 қараша күні, мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының аясында ерікті түрде оқу кабинеттерін тазалап, мектеп ауласындағы арықтарды шөп қалдықтарынан тазалады және мектеп ауласында санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізді.

Іс-шараның мақсаты-қоғамдық мәдениетті қалыптастыру, акцияға қолдау болып табылады.

Мектеп педагог-психологтары К. Байтасова мен С. Туякбаевалар жасөспірімдер арасында достық, сыйластық, жанашырлық қарым-қатынасты арттыру, буллинг пен кибербуллингінің, зорлық-зомбылықтың, әлімжеттіктің

алдын алу мақсатында «Досбол LKE» тақырыбында тренинг-жаттығулар, арт терапиялар жүргізілді.

25.11.2024 жылы, «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық акцияның жұмыс жоспарын іске асыру мақсатында, «Түнгі ауылдағы балалар» атты апталық жоспар жасалып, кезекші мобильдік топ мүшелері рейдтік жұмыстар жүргізді.

28.11.2024 жылы, «Қылмыссыз балалық шақ» айлық акцияның іс жоспары аясында, мектеп мейірбикелері А. Сұлтанова, Р. Абдиева, тәлімгер Ш. Қилыбаевалардың ұйымдастыруымен, жоғары сынып оқушыларына 1 желтоқсан-Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне «ЖИТС зарлабы» тақырыбында бейне таспа көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн белсенділік» науқанын өткізу жөнінде жоспары жасалып, өткізілетін іс-шаралар кестесі түзілген. Бүгін, 29.11 күні мектеп инспекторы Э. Есенкулова, мейірбикелер А. Сұлтанова мен Р. Абдиева, тәлімгер Ш. Қилыбаева, қыздар ұйымы төрайымы М. Адиханбаевалардың қатысуымен, сол іс-шаралар кестесіне сай «Тұрмыстық зорлық-зомбылық қоғам кеселі» тақырыбында 8-11 сынып қыздарымен жиналыс өткізілді.

16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сай 9ғ сынып оқушылары, сынып жетекшісі М. Турсынбаевтың ұйымдастыруымен «Жетістігімді еліме арнаймын» тақырыбында челлендж ұйымдастырып, бейнеролик шығарды. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау, отбасы мен балалардың қарым-қатынасын нығайту.

«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн белсенділік» науқанын өткізу жоспарының аясында, құқықтану пәні мұғалімі З. Джакипованың ұйымдастыруымен «Балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттердің профилактикасы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, кездесу болып өтті.

«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн белсенділік» науқанының жоспарын іске асыру мақсатында, «Мен және менің отбасым», «Әкем, анам, мен» тақырыптарына оқушылар және ата-аналарымен бірге отбасылық спорттық жарыстар ұйымдастырып, өткізді.

16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сай 5 Б сыныбында, жетекшісі М. Юлдашева "Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері Ж. Абдуалиев, аудандық прокуратура прокуроры Қ. Садықов, ауданның бас биі Р. Ермеков, ауыл биі Ж. Смаиловтардың қатысуымен қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі, «Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың ролін арттыру» тақырыбында кең көлемде жиын болып өтті.

"Психологиялық қолдау орталығы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазыбеков Бейбіт Тілекұлы және аудандық білім бөлімінің әдіскері

Қайыржан Полатовтың қатысуымен, аудан мектептерінің әлеуметтік педогогтарына ауқымды жиналыс болып өтті

ЖЕЛТОҚСАН- ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БАСТАУЫ! " салтанатты мерекелік кеш Келес ауданының білім бөліміне қарасты Т.Бегманова атындағы N 8 жалпы білім беретін мектебімізде еліміздің тәуелсіздік күніне ұйымдастырылған іс-шара өтілді.

9-11 сынып оқушыларының қатысуында, "Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз" тақырыбында кең көлемде сахналық көріністер қойылып, тарихи бейнероликтер көрсетілді. 1-4 сынып оқушыларының қатысуында, "Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз" тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мобильдік топ мүшелері 14,15,16 желтоқсан күндері 19:00-24:00 аралығында жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында тойханаларда, мейрамхана, караоке, бар, ойынхана т.б нысандарда рейдтік іс-шаралар жүргізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. "Суды үнемдейміз", "Су тіршілік көзі" тақырыптарына бейнероликтер көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сай 2Б сыныбы, жетекшісі Г. Сарсенованың ұйымдастыруында «Суды, тамақты, электр энергиясын үнемдеу» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

25 желтоқсан күні аудан әкімі аппараты және білім бөлімінің басшысы мен әдіскерлері қатысуымен Қазақстан Республикасы Президентінің атынан өткізілетін "Жаңа-2025 жыл" атты, аудан әкімінің салтанатты шырша мерекесі болып өтті. Салтанатты іс-шараға мектебіміздің 6 сынып білім алушысы қатысты.

«Жаңа жыл» мерекесіне орай жоспар жасалып бекітілген болатын. Сол жоспар аясында 5-7 сынып оқушыларына

"Қош келдің, Жаңа жыл!" атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында ән айтылып, оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, түрлі ойындар ойнатылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұстазға құрмет танытудың үлгісін көрсетіп: «Менің мақсатым-ұстазды қоғамның басты кейіпкері ретінде дәріптеу»-деген болатын. Сол мақсатта және

Келес ауданы білім бөлімінің 26.12.2024 жылғы №1498 санды шығыс хаты негізінде, №8. Т. Бегманова жалпы білім беретін мектеп думан залында жоғары сынып оқушыларына «Ұстаз» көркем фильмі көрсетілді.

9-11 сынып оқушыларына

"Қош келдің, Жаңа жыл!" атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, түрлі ойындар ойнатылды. Аяз ата мен Қаршақыз оқушыларға оқу-тәрбие саласында жетістікке жетуіне тілек білдірді.

Мектептің психологиялық қызмет бағыты бойынша

«Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларына психологиялық түсіндірме жұмыстары өтті. Сынымен қатар ата-аналар жиналысы өтті. «Өзін өзі басқару» ұйымының Мектеп Парламенті Президентін сайлауы өтті. Қыркүйек айында 1-5 сыныптарға бейімділігін анықтау тесті алынып, түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек-қазан айлары аралығында Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «БЕСТЕРЕК» жобасы бойынша диагностикалық тестер алынып, қорытындысы жасалынып, есебі ауданға мәлімет берілді, облыс базасына салынды. Шыққан жоғарғы қадағалау тобындағы оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуде. Әр айда қыздар, ұлдар, жалпы оқушыларды кезеңге бөліп жиналыстар жүргізілуде. «Зорлық зомбылыққа қарсы 16-күн» жоспары бойынша флешмобтар және креативті іс-шаралар өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

«Күзде жалықпаймыз кітап оқимыз» марафоны, челендж, жылдам оқу сайысы, **Bookcrossing** атты акция ұйымдастырылды.

«Кітапхан» жобасы бойынша облыстық жобаға қатысып 8 «а» сынып оқушысы Әбдімәлік Бейбарыс I орын мен 10 мың теңгенің сертификатын жеңіп алып, келесі кезеңге жолдама алды.

Сонымен қоса мектепшілік «Оқуға құштар жанмын» деген тақырыпта ұсынылған 20 кітапты оқып, беріліген сұрақтарға жауап үздік оқырманға мамыр айында жылды қорытындылап мектептің әкімшілігінің демеушілігімен ұялы телефон сыйға берілетін болады. Қазіргі таңда осы жоба бойынша жұмыс қарқынды жүруде.

Әлеуметтік сала бағыты бойынша:

Биылғы жыл жаңалығы бастауыш сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету болды деуге болады. 1-4 сыныпта оқитын 488 бала, жоғары сыныптарда 55 бала бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Үйде оқитын 4 оқушыға мектеп тарапынан оқуға керекті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілді. Тұрмысы өте төмен 9 отбасына жеке кәсіпкер тарапынан қыстық күртеше мен аяқ киімдермен қамтамасыз етілді.

Сапалы оқыту және өздігінен оқып, білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Сондықтан оқу-әдістемелік жүйесін дамыту қашан да өзекті мәселе. Аудан бойынша тасымалданып оқитын балалар саны бойынша көш басында тұрмыз. Сондықтан мектебімізге заманауи жаңа автобустары қажет-ақ еді. Осы мақсатта мектебімізге бөлім тарапынан 4 жаңа автобус беріліп, 20 орындық 2 автобус 38 орындық 2 автобуспен 596 оқушы сабаққа өз уақытында тасымал жасалуда. Жаңа автобустар қауіпсіздік белдіктерімен, мектеп

сөмкесіне арналған сөрелермен, есіктері ашық кезде қозғалысты тежейтін механизммен және тағы да басқа қауіпсіздік құралдарымен жабдықталған. Мектебімізге турникет орнатылып, сондай-ақ мектепке қосымша 44 бейнебақылау камераларымен жабдықталды. Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында, мектепке өрт дабыл түйменесі орнатылды.

2024 жылы қамқоршылық кеңес тарапынан қаржы бөлініп, төмендегі іс-әрекеттер орындалды.

**2024-2025 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің
демеушілігімен атқарылған жарты жылдық жұмыстарының
есепі:**

№	Атқарылған жұмыстар	фотодәлел	данасы	бағасы	Жалпы соммасы
1	Мектеп ауласы кіреберістің төсемдерін цементтеу		1 камаз тас	60000тг	60000тг
			40 қап цемент	2000тг	80000тг
2	Тірі қоршау (живой изгородь) көшеттерін егу		200	100тг	20000тг

Мектеп директоры:

М.Амирова.

Орындаған: М Абдиев.

Тел: 87713211974

Шешім қабылданды: